



Ақмешіт

9 қыркүйек
сенбі

№71 (1978)

2023 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



BBC NEWS

МҰХИТҚА ТАМҒАН «ЗАЛАЛ-СУ»

Адамзат атом бомбасының зардабын тартқалы одан келетін зәредей болсын зияның бәріне өш. Әсіресе алғашқы атом бомбасы қолданылған Жапония мемлекетінде аталған тақырыпқа бейжай қарау қылмыспен тең. Дегенмен жуырда жапон қоғамын ғана емес, бүгін әлемді шұлтатқан тарихи оқиға болды. Ол – Жапонияның «Фукусима» атом электр станциясынан Тынық мұхитқа радиоактивті су жіберуі. Яғни «зиян-су» ашық мұхитқа құйылады деген сөз. Осы орайда BBC арнасының тілшісі Келли Нэг «Жапония таңдауы» атты бағдарлама әзірлеп, тақырыпты тарқатуға тырысқан.



«Жапония. 24 тамыз күні. Жергілікті уақыт – 13:00 шамасы. «Фукусима» АЭС-тан миллиондаған тонна тазартылған радиоактивті су Тынық мұхитына бағытталуда. Себебі «Фукусима» АЭС-і 2011 жылғы алапат жер сілкінісінен жарамсыз күйге түскен еді. 9 балдық сілкінісінен үш реактор су астында қалып, Чернобыльден кейінгі ауқымды апат болды. Сол сатте 18 мыңға жуық адамның өмірі қиылған апатта АЭС-тің де тағдыры шешілген болатын. Дегенмен ең басты қиындық АЭС-тегі радиоактивті суды қайда сақтау керегін шешу болды. Залалды суды ұзақ сақтауға арнайы қойма жетіспеуі салдарынан Жапония суды мұхитқа төгуді шешкен. Бұл әдіске ұзақ жыл дайындық пен зерттеу жүргізу арқылы қалдық суды залалсыздандыруға күш салды», – дейді автор.

Бұл – 2024 жылға дейін жоспарланған 4 жобаның алғашқысы. Дүниежүзілік тәжірибеде теңдесі жоқ әдіске әлем түрлі сын айтауда. Қоғамдық ұйымдар мен белсенділер бұндай қадамның тиімсіз екенін айтса, экологтар «Радиоактивті су төгілген мұхиттың балығын тұтыну қауіпсіз бе?», «Қоршаған ортаға нендей зиян келуі мүмкін?» деген сауалмен бас қатыруда. Деректерге сүйенсек, жауапты компания Toyou Electric Power Company (TEPCO) реакторды суыту үшін 1,34 млн тонна су жинаған. Көбіне жерасты және жаңбыр су сақталған.

«2021 жылы Жапонияда қызу талқы орын алып, кейін билік жиналған суды мұхитқа төгуге шешім шығарды. Алайда алдымен бұл суды тазалап, кезең-кезеңімен ағызу жоспарланған. Бұл әрекеттің экологиялық қауіпсіздігін МАГАТЭ (Халықаралық атом энергиясы агенттігі) қатаң бақылауға алады деп сендірген еді. Тіпті жуырда TEPCO арнайы филтрлеу арқылы радиоактивті элементтің бәрін қалдық судың құрамынан шығарғанын айтқан еді. Әсіресе цезий мен стронций деген химиялық элементтерді су құрамынан бөлуге ерекше басымдық берілген. Өкініштісі, сутегі құрамындағы тритий элементін ажыратуға мүмкіндік болмағанға ұқсайды. Осындай олқылық бола тұра су мұхитқа жіберілуде», – дейді Келли Нэг.

Иә, қалдықтағы радиоактивті элементтерді толық жоюға жапон ғалымдарының шамасы келмеді. Дегенмен МАГАТЭ қалдық суда тритий элементінің мөлшері аз деп жобалап, саяси шешімге рұқсат берген. Айтуынша, мұндағы көрсеткіш жапон стандартынан 40 есе аз болып шыққан. Кей ғалымдар мұхитқа төгілетін қалдық су мұхит көлеміне шаққанда тамшыдай ғана деген пікірде. Сондықтан ондағы радиоактивті элемент болған күннің өзінде ол еш зиян келтіре алмайды деп болжап отыр.

Алайда халықты сендіру қашан оңайға соққан. Бірнеше аптадан бері Жапония, Оңтүстік Корея, Қытай мемлекеттерінде қарсылық акциясы жүрді. Сондықтан Жапония премьер-министрі Фушио Кишида мен бірқатар министр Фукусима префектурасының жағалауынан жұртшылық алдында теңіз өнімдерін жеді.

«Бұл демонстрациялық ас «Фукусима-1» атом электр станциясының суының мұхитқа төгілуіне байланысты жапон үкіметінің сыны аясында өткізілді. Жапондар АЭС суын мұхитқа құюды қатты сынға алды. Елдің сауда министрі премьер-министр су төгетін арнада ұсталған балық, сегізаяқ, теңіз өнімдері мен фуруштің дәмін татқанын айтты. Дегенмен жапондықтар ғана емес, өзге көрші елдер де бұл әрекетке сенбеді. Тіпті Қытай билігі Жапониядан теңіз өнімдерін импорттауға тиым салды» – дейді автор.

■ ПРЕЗИДЕНТ ПӘРМЕНИ

ҚҰМАР ОЙЫНМЕН БАЙЫҒАНДЫ КӨРМЕДІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қауіпсіздік кеңесінің отырысын өткізіп, құмар ойынды шектеуді тапсырды. Президент төрағалығымен өтетін мемлекеттік деңгейдегі жиынның күн тәртібіне қойылды деген сөз мәселе күрделі дегенді білдіреді. Бала күнімізде пәленше картаға үйін тігін жіберіпті, машинасын картадан ұтылыпты дегенді еститінбіз. Сорақысы сол, әйелін картаға тігіпті дегенді де естідік. Өкінішке қарай картаның құрсауына түскендер әлі де азаяр емес. Оған түрлі интернет казинолар мен букмекерлік кеңселер, гаджеттер арқылы ойнайтын ойындар қосылды. Қапшағай мен Бурабайдағы казиноларды айтпағанның өзінде әр қалада жасырын жұмыс істейтін казинолар бар. Ол аз десеніз, әлеуметтік желілер арқылы құмар ойынға шақыратындар көбейген. Алдымен Президент төрағалығымен өткен қауіпсіздік кеңесіне тоқталайық.



■ ЖАҚСЫЛЫҚҚА АПАРМАЙТЫН ЖОЛ

Қауіпсіздік кеңесінің отырысында Қазақстан Президенті соңғы жылдары елімізде құмар ойынға тәуелділік белең алып бара жатқанын, кейбір отбасылар үшін бұл үлкен қасіретке айналғанын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев осы жаман әдетке, әсіресе жастар әуес екеніне назар аударып, мемлекеттік органдарға азаматтардың жекелеген санаттары үшін құмар ойындарға қатысты шектеулерді күшейтуді тапсырды.

– Лудоманияға қарсы күресте тәрбие ісі мен түсіндіру жұмыстарына ерекше мән берілуге тиіс, – деген Мемлекет басшысы салалық министрліктерге нақты міндеттер жүктеді. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев құмар ойынға тәуелді азаматтардың қатысы бар қылмыстар көбейгеніне құқық қорғау органдарының назарын аударып, алдын алу жұмыстарын жүргізіп, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдау жөнінде тапсырма берді.

Қазақстан Президенті елімізде лудоманияның белең алуына қарсы бағытталған әлеуметтік дағдыларды

қалыптастыруда қоғамның, дін қызметкерлерінің және бұқаралық ақпарат құралдарының атқаратын рөлі ерекше екенін атап өтті. Сондай-ақ Мемлекет басшысы ойын бизнесі саласындағы қаржылық және басқа да құқық бұзушылықтардың алдын алу жұмыстарын жандандыру қажет екеніне назар аударды.

Президент пәрмен берді, демек арнайы органдар іске кіріседі. Бұған шүбә келтірмей-ақ қояйық. Тек журналист ретінде өзімізге жүктелген міндетті орындайық деп, әлеуметтік желі арқылы көпті алдап, құмар ойынға шақыратындармен байланысып көрдік.

2 БЕТТЕ

■ БҮЛ ЖОЛДАУДА АЙТЫЛҒАН

ӘЛЕУЕТ АРТСА, ТҰРМЫС ТҮЗЕЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауда 2024 жылдан бастап ең төменгі жалақы 85 мың теңгеге дейін өсетінін мәлім етті.

Қазақстан Президенті ең төменгі жалақы мөлшерін біртіндеп өсіре беретінін айтып, жалпы еңбек нарығын жан-жақты дамыту үшін үкімет қысқа мерзімде 2030 жылға дейінгі кешенді жоспарды бекітуі керектігін қаперге салды.

– Азаматтардың табысын арттыру үшін 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі

жалақы мөлшерін 85 мың теңгеге көтеруді тапсырамын. Осылайша, біз еңбеккердің ең төменгі мөлшерін үш жыл ішінде екі есе көбейттік. Бұл шара 1 миллион 800 мың адамның, оның ішінде бюджет саласында еңбек ететін 350 мың азаматтың әл-ауқатын арттыруға септігін тигізеді, – деді Мемлекет басшысы.

2 БЕТТЕ

■ МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ

АЛЫП БӘЙТЕРЕКТІҢ САЯСЫ



Жуырда жыл сайын өткізілетін «Мерейлі отбасы» байқауы өтіп, өнегелі шараға жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарлар қатысып, бақ сынаған болатын. Осы байқауда қалалық кезеннің қорытындысымен «Өнегелі отбасы» аталымын Есжановтар отбасы иеленді. Ұлттық болмысымызды дәріптейтін, өнеге мен өнерге толы дәстүріміздің алтын

бастауындай шараның келер ұрпаққа берер өнегесі мен тағылымы мол. Бұл шара отбасылық құндылықтың жандануына, дәстүрдің жаңғыруына, түрлі буын өкілдерінің арасындағы сыйластықтың нығаюына, ұрпақ тәрбиесіне жаңаша дем беріп, өнегелі әулеттердің өрісін кеңейтуге ықпал етуімен құнды.

4 БЕТТЕ

■ СҰХБАТ

Абай ШАЙНҰРОВ,
экономика ғылымдарының кандидаты:

«Мемлекет халықтың табысын арттыру керек»



3 БЕТТЕ

■ МӘДЕНИ МҰРА

ХАКІМ АБАЙДЫҢ КІТАБЫ



Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Абай мұрасы музейі» атты шара өткізілді. Рухани шараның мақсаты – музей қорында сақталған қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың өлеңдерінің мағынасына мән беріп, маңызын саралау. Шарادا музейде тұрған Абай Құнанбаевтың араб харпімен жазылған кітабы жайлы айтылды.

4 БЕТТЕ

4 БЕТТЕ

ҚҰМАР ОЙЫНМЕН БАЙЫҒАНДЫ КӨРМЕДІК

ХАЛЫҚТЫ АРБАҒАНДАРҒА ТОСҚАУЫЛ ҚОЙЫЛСА...

Несін жасырамыз, бүгінде жұрттың басым бөлігі алтын уақыттарын әлеуметтік желіде өткізеді. Былайша айтқанда, өз уақыттарын өздері ұрлайды. Сол әлеуметтік желіде қарапайым жұрттың санасын ұлап, шырғауықша шырмайтындар бар. Олар: «Сенің несиең бар ма? Жабуға көмектесеміз», «Бауырым, алған айлығың, тапқан табысың жетпей ме, бізге хабарлас», «Кімде несие бар, жабуға көмектесемін» деген секілді сөздерді айтып, түрлі айла қолданады. Бірде банкоматтан қыруар қаржы шешіп жатады, бірде адамның түсіне де кірмейтін ақшаны санап отырады. Сөйтсе де «Сен де осындай табыс тапқың келе ме, төмендегі сілтемеге өт» дейді.

Бір арбаушымен уатсап арқылы байланыс орнаттық. «Сәлеметсіз бе, менің есімім А... (есімін әдейі жазған жоқпыз). Мен ақшалай көмек беремін. Яғни сіз салған ақшаны букмекерлік келісілген ойындар арқылы 1 сағат ішінде көбейтіп беремін», деген ол 10 мың теңге салса, 750 мың теңге ұтатынымды айтып, кәдімгідей шыдамды тауысты. Осыныша қаржы ұтасың деп тұрғанда әлгіге наным қала жаздайды екенсің. Айтқан қаржысын тігіп жіберуге сәл-ақ қалдық. Тағы 100 пайыз ұтатынымды айтқанда, есепшотымда қанша қаржы бар екенін де тексердім. 10 мыңға жетпеді, «мың теңге бола ма?» дедім сөзге тартып, ол болмайтынын айтты.

Тағы бір арбаушы телеграм арқылы жұмыс істеп отыр. Өзінің оқырманы да көп. Сілтемеге өтпейді, өтсең интернет казиноға тап боласың. Алдымен «Үйде отырып табыс табу» деп тақырып қойып, «Қосымша табысты барлығымыз аңсаймыз. Ешқайда шықпай-ақ ақша тапқымыз келеді ғой? Ал ол мүмкін. Қалай екенін барлығын мен обучениемде үйрететін боламын» деп айқайлатып жарнамасын жасаған. Мұның да шырғауына талай адам түскен шығар?..

Басы 1-бетте

ҚАЛА КЕЛБЕТІ

ЕЛ ИГІЛІГІНЕ САЛЫНЫП ЖАТҚАН ҚҰРЫЛЫС НЫСАНЫ АЗ ЕМЕС

Өңір экономикасының маңызды тірегінің бірі – құрылыс болса, бүгінде Қызылорда қаласы қарқынды құрылыс алаңына айналып, экономиканың алға жылжуына үлес қосуда. Көрікті шаһардың сол жағалауындағы 16 тұрғын үйдің құрылысы облыс орталығының ажарын ашып тұр. Ондағы 6 тұрғын үй жеті қабатты болса, қалғаны 5 қабатты үйлер.

– Бұл тұрғын үйлердің барлығы заманауи үлгіде және жаңа технология көмегімен салынуда. Құрылысы жүріп жатқан 7 қабатты үй 84 пәтерлі болса, 5 қабатты үйлер 470 пәтерлі. Бұл зәулім үйлер келер жылы ел игілігіне беріледі деп жоспарланған. Оның инженерлік желісіне жобалық-сметалық құжат толық әзірленіп, сараптаманың оң қорытындысы алынды, – делі қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Айдын Әнуар.

Қаланың сол жақ жағалауында салынып жатқан көпқабатты тұрғын үйлердің жалпы ауданы – 37 284 шаршы метр болса, бір тұрғын үйдің ауданы – 6 213,9 шаршы метрді құрайды.

«Орион ЛТД» ЖШС директорының орынбасары Асхат Жаңабаетын айтуынша, көпқабатты тұрғын үйлердің құрылысы сәуір айында басталған. Қазір бригадалық топ құрылыс жұмысын жүргізуде. 7 қабатты тұрғын үй аймағымызда алғаш рет салынуда. Әрбір пәтерде жедел саты болады. Құрылысқа жергілікті өнім пайдаланылып жатыр.

Сондай-ақ қалада спорт нысанын салуға айрықша көңіл бөлінеді. Сөзімізге дәлел ретінде Тасбөгет кентінде салынып жатқан дене шынықтыру-сауықтыру кешені. Бұл спорт кешенінің жалпы ауданы – 1 655,1 м2 құрайды. Спорт нысаны жылдың соңында ашылады деп жоспарлануда. Жұмысқа жауапты мердігер мекеме – «Интерстрой» ЖШС.



Мақаланы жазу барысында ондайлардың талайын көрдік. Сілтесеміз өтсең болды, ақылы ойынға немесе интернет казиноға кіріп кетесің... Қаншама жан осындайлардың кесірінен құмар ойынның шырғауынан шыға алмай жүр. Осы мақаланы жазу үшін әлеуметтік желідегі арбаушылардың жетегіне де ердік. Олардың қандай айла қолданатынын, не дейтінін, не істейтінін көрдік. Шама-шарқымыздың қай жерге дейін баратынын бақыладық. Жетегіне ерсек те өзіміздің кім екенімізді айтпадық. Ондағы ойымыз, арбаушылардың өзін шошытып алмайық болды. Сөзіміз дәйекті шығу үшін әлеуметтік желілердегі диалогтарымыздың скрин-шотын жасадық. Құзырлы органдар қажет деп талса, беруге әзірміз. Әйтсе де оларға тосқауыл қоймаса болмайды.

ҮШ КАРТА ҮШ ЖҮЗДІҢ ТҮБІНЕ ЖЕТПЕСЕ БОЛҒАНЫ...

Біз өз кезегінде тұрғындарды да сөзге тарттық. Өзін Тұрсын Аманбайұлы деп таныстырған жігіт ағасы: «Күн-түн демей карта

ойнайтын, тіпті апталап ұйықтамай соның соңында жүретіндер болады. Ондайларды Құдай аясын. Алла адамды бір жаңылдырмасын, жаңылдырды ма, таза жолға түсуі қиын. Бүгін ұтса, ертең еселеп ұтылып жататындар да аз емес. Құмар ойынға өбден еті үйреніп кеткендер көлігін, үйін картаға салып жібереді. Ондайлар бұрын да болған, қазір де бар», – деген ойымын бөлісті.

Бізге пікір білдірген тағы бір кісі өзін Азамат Талғатұлы деп таныстырды да: «Құмар ойын талай отбасының ойранын шығарды ғой. Қаншама адам құмар ойыны деп қарызға батты. Картаға, казиноға барын тігіп жіберетінін қайтесің олардың... «Алла балаға сана берсін, сана бермесе ала берсін деп осындайларға айтқан шығар?» деп пікір білдірді.

Әдетте мұндай тақырыптарды қаулап, мақала жазарда әкеммен ақылдасамын. Ол кісі: «үш карта үш жүздің түбіне жетпесе болғаны...» деп терең күрсінді.

Иә, ауыр сөз. Бірақ шындық – осы.

Әзиз ЖҰМАДІЛДӘУЛЫ

ӘЛЕУЕТ АРТСА, ТҰРМЫС ТҮЗЕЛЕДІ

Президент тапсырмасы арқылы ең төменгі жалақының өсуі 1,8 млн-ға жуық қазақстандыққа әсер ететінін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі де мәлім етті.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы мөлшері 70 мың теңгеден 85 мың теңгеге дейін артады. Нәтижесінде барлық әртүрлі саладағы меншік нысандарындағы кәсіпорындарда жұмыс істейтін 1,8 млн-ға жуық жаламалы жұмыскердің, оның ішінде 350 мыңға жуық бюджеттік қызметкердің ақшалай табысы ұлғаяды. Ең төменгі жалақы – қатардағы, біліктілігі жоқ жұмысшыға ақшалай төлемдерді анықтауға арналған ең төменгі еңбек стандарты. Бұл ретте жұмыскердің жалақысы оның біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, саны мен сапасына қарай қалыптастырылады, – делінген Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметінің ақпаратында.

Тағы бір айта кетерлігі, Қазақстанда ең төменгі жалақы мөлшері 2022 жылдан бастап жыл сайын өсуде. 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап 85 мың теңгеге дейінгі кезекті өсімді ескеретін болсақ, үш жыл ішінде 2 есе ұлғайтылақ. Бірінші кезекте төменгі жалақының өсуі «жалақысы төмен» жұмыскерлерге әсер етеді. Екіншіден, жалақы деңгейін белгілеу кезінде ең төменгі жалақы көрсеткішін пайдаланатын жұмыс берушілер, сондай-ақ разряд аралық біліктілік жүйесін ескере отырып, қызметкерлердің басқа санаттарының жалақысын қайта қарайтын болады. Осының нәтижесінде барлық салада түрлі меншік нысандарындағы кәсіпорындарда жұмыс істейтін 1,8 млн-ға жуық жаламалы жұмыскердің, оның ішінде 350 мыңға жуық бюджет қызметкерлерінің ақшалай табысы артады.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес еліміздің Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

министрлігі Дүниежүзілік Банк сарапшыларымен бірлесіп ең төменгі жалақы мөлшерін айқындау әдістемесін әзірледі. Оған сәйкес ең төменгі жалақы мөлшері медианалық жалақы мен еңбек өнімділігіне қарай айқындалады. Сонымен қатар 2020 жылдан бастап Қазақстанда азаматтық қызметшілердің жалақы деңгейін арттыру бойынша дәйекті шаралар қабылданып жатқанын да айта кету керек.

Деректерді сөйлетер болсақ, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2020-2023 жылдар аралығында жыл сайын шамамен 600 мың педагогтың жалақысын 25%-ға кезең-кезеңімен арттыру басталды. Нәтижесінде олардың жалақысы 2 есе артады. 2021-2023 жылдар аралығында мемлекеттік мекемелерде және коммуналдық кәсіпорындарда жұмыс істейтін 6 мыңға жуық медицина қызметкерлерінің, оның ішінде дәрігерлердің жалақысы 30%-ға, орта медициналық персоналдың жалақысы жыл сайын 20%-ға көтеріледі. 2021 жылы әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы 38 мың қызметкердің жалақысын кезең-кезеңімен арттыру басталды, нәтижесінде үш жыл ішінде (2021 жылдан 2023 жылға дейін) олардың жалақысы 2 есеге ұлғаяды. 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының (шамамен 600 мың) жалақысын 2022-2025 жылдар кезеңінде жыл сайын орта есеппен 20%-ға кезең-кезеңімен арттыру басталды. Нәтижесінде 4 жыл ішінде олардың жалақысы 2 есе артады.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жұмыскерлердің жалақысын көтеру бойынша жеке кәсіпорындарда түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Нәтижесінде осы жылдың басынан бастап 8 мың жұмыс беруші 2,8 млн қызметкердің жалақысын 5-тен 50%-ға дейін арттыру туралы шешім қабылдады.

Президенттің бұл бастамасын қарапайым жұрт қолдайды. Өйткені бұқараның табысы артса, әлеуеті де көтеріледі деген сөз.

Басы 1-бетте

А.АҚЫЛБЕК

МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

«AMANAT» партиясы Қызылорда қалалық филиалының «Тұран» бастауыш партия ұйымында жиын өтіп, Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауынан туындаған міндеттер талқыланды.



Президент Жолдауда елімізді дамыту бағытындағы негізгі міндеттерді атады. Сондай-ақ экономикалық және әлеуметтік мәселелерге тоқталды. Одан бөлек ғылым және білім, экология, энергетика мәселелерін сөз етіп, су шаруашылығына байланысты жаңа министрліктің құрылатынын жеткізді.

Партия мүшелері Жолдауда айтылған міндеттерді жүзеге асыру барысында жүргізілетін жүйелі жұмыстарды талқылады. Жиында «AMANAT» партиясының Қызылорда облыстық мәслихатындағы депутаттық фракция мүшесі, партияның қалалық филиалы Саяси кеңесінің мүшесі Жорабек Нұрымбетов Мемлекет басшысының халыққа Жолдауындағы ауылшаруашылығы мен су шаруашылығын жетілдірудің маңыздылығына тоқталды. Сондай-ақ партияның қалалық филиалының атқарушы хатшысы Гүлшат Мұсаева да өз ойын ортаға салды.

– Қазір бүкіл әлем үнемдеуге бет бұрып отыр. Бұл жоғарыда атап өткен су ресурстарынан бастап, қарапайым отбасына да қатысты. Түрлі алпауыт елдің экономикасына әсер етіп жатқан дағдарыс Қазақстанға да өз кесірін тигізбей қоймасы анық. Осы орайда, халықтың әр нәрсені ысырап етпей, үнемдеуі өте маңызды. «Судың да сұрауы бар» дегенді бала күнімізден естіп келеміз. Бұл жоғарыда атап өткен су ресурстарынан бастап, қарапайым отбасы табысына да қатысты. Су, газ, электр энергиясы сынды табиғи қажеттіліктерді бағалай білген жөн. «Қасықтап жинағанды, шөміштеп төкпейтін» кез келді, – деді «AMANAT» партиясы Қызылорда қалалық филиалының атқарушы хатшысы Гүлшат Мұсаева

Келелі кездесуде партияның белсенділері профессор Баймырза Қожамбердиев пен Жандос Базартай Жолдаудың ел дамуы үшін маңызы ерекше екенін айтты.

Айта кетейік, бұл жиынға қоғамдық ұйым өкілдері мен профессор-оқытушылар және білім алушылар қатысты.

Н.А.ТҒЫН



– Спорт кешенінің құрылысы сәуір айында басталды. Құрылыста 50 шақты жұмысшы еңбек етуде. Алдағы уақытта қосымша жұмыс күші тартылатын болады. Мұнда 100 адам бір мезгілде дене шынықтыру алады. Сондай-ақ кешенде футбол, баскетбол және әмбебап спорт залдары бар. Бұл кешен металл құрылымымен

жабдыкталауда. Сыртқы қабаты толық жылу панелімен қапталады. Жоспар бойынша кешеннің құрылысы жыл соңында бітіп, пайдалануға беріледі, – деді учаске шебері Талғат Маушев.

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА



Жуырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын жолдады. Жолдауда елдің экономикалық бағдары, бюджет, несие, салық, саясаты көбірек айтылды. Біз өз кезегінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, экономика ғылымдарының кандидаты Абай Шайнұровпен сұхбаттасқан едік.

Абай Шайнұров,
экономика ғылымдарының кандидаты:

«МЕМЛЕКЕТ ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСЫН АРТТЫРУ КЕРЕК»

– Абай Серікұлы, сіз үшін әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары қандай? Осы жөнінде айтсаңыз...

– Президент Жолдауында айтқандай, экономиканы дамыту үшін жаңа мүмкіндіктерді пайдалануымыз керек. Мәселен, осы күнге дейін ресурс сатып келдік делі енді соның ішіндегі мұнай, газ, химия мен металлургия өнеркәсібі және ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу керек. Егер тереңінен өңдейтін болсақ, дайын өнімге қосылған құн көп болады. Сол кезде халықтың байлығы да табысы да артады.

– Жаңа экономикалық үлгіге өтудің қандай тиімділігі бар?

– Осы күнге дейін жақсы бағдарламалар қабылданды. Алайда жауапкершіліктің болмауынан болар, олардың тиімділігі көрінбеді. Бірақ осы бағдарламаларды жүзеге асыру үшін жаңа кадр керек. Себебі экономикалық саясатты жүргізетін кадрлар. Сол үшін Әділетті Қазақстанда білімді, білікті жас мамандар мен ғалымдарға көп мән берген дұрыс.

– Ел экономикасын дамыту үшін қандай жобаларды жүзеге асыруға болады? Ғалым ретінде алып қарсыңыз бар ма?..

– Айтпаймын деп саяси мәселені айтар едім. Осы күнге дейін саяси реформалар болды. Оның нәтижесін Ел Президенті Жолдауында айтты. Әрине бұл осымен тоқтап қалғандығын білдірмейді. Десе де осы саяси реформаны әлде түйткілдерде жетілдіре түсу керек еді. Одан бөлек жер мәселесі, көліктің тозуы сынды мәселелер айтылмады.

– Мемлекет басшысы жаңа кен орындарын ашу үшін шетел азаматтарын тартамыз деген ой айтты. Бұған сіздің көзқарасыңыз қалай?..

– Менің ойымша бұл дұрыс. Президентіміз бүгінгі күнге дейін Кеңес үкіметінен келе жатқан кадрлар мен геология менгерушілерінің жұмыстарын айтып келді. Яғни экономикалық техника негіздемесі сол кезде жасалды, зерттелді, ғылыми негізделді. Сонымен қатар білім бағдарламаларын жетілдіруді айтты. Бұл дегеніміз сол салада кадр жетіспеушілігі бар екенінің айқын көрінісі. Өйткені кезіндегі кадрлар зейнетке шықты. Қазіргі таңда даярланған мамандар жоқ, бар болса да тәжірибе жетіспейді. Одан бөлек Жолдауда ауыл шаруашылығы дамыту үшін шетелдік ғалымдармен ынтымақтастық орнатуды ғалым деп ойлаймын.

– Республика Президенті «Жолдауда айтылған міндеттер үш жылда орындалуы тиіс» деді. Бұл міндеттер үш жылда жүзеге асуы мүмкін бе?..

– Президент тапсырса министрліктер, басқармалар, жауапты басшылар орындауы керек. Жолдауда түрлі бағдарламалар мен бағыттар айтылады. Алайда оның орындалуы ақсап тұрады. Жолдауда айтылған мәселелердің орындалуы алдымен тиісті сала басшылары мен мамандарға, одан кейін қаржы саласының

шешілуіне байланысты. Егер қаржы табылса, кез келген жоба орындалады деген сенімдемін.

– Экономикалық жобаларды қаржыландырумен бірнеше ірі банк қана айналысады. Сондықтан осы саладағы бәсекені арттыру үшін елімізге шетелден сенімді үш банкті тартқан қаншалықты тиімді?

– Ұлттық банктің кредитті қайта қаржыландыруы шамамен 16,5 пайыз. Ал екінші деңгейлі банктер несие 18-20 пайыздан жоғары. Сондықтан экономист есебінде рентабельді бизнес жүргізу мүмкін емес деп ойлаймын. Мәселен,

Еуразиялық материгінде сапалы азық-түлік өнімін қамтамасыз ететін үлкен елге айналуымыз керек. Сондықтан Президентіміз айтқандай, егістік жерлердің көлемін арттыру қажет. Біз секілді бір гана күрші дақылдан емес, бірнеше дақылды егуге көшкен жөн. Сөйтіп сапалы азық-түлік сату ол біздің үлкен резервке айналады. Ал дайын өнім сататын болсақ оған қосылған құн жоғары болады. Одан жақсы пайда болады.

– Атом электр станциясын салғанын қолдайсыз ба?

– Қазіргі жағдайда қолдаймын. Өйткені бізде электр энергиясын тұтыну

– Мемлекет халықтың табысын арттыру керек. Себебі халықтың көбісі азық-түлікке қаржы таба алмай отыр. Бұл деген табысының аз болғандығын білдіреді. Сол үшін микрокредит, кіші-орта бизнесті, кәсіпкерлікті, жаңа өндіріс орынын дамыту керек. Сондай-ақ жаңа жұмыс өңдеуші кәсіпорындар ашу керек. Экономикада мынадай заңдылық бар: кәсіпкерлігі нарығы жақсы дамыған елдердің халқы бай тұрады, ал кәсіпкерлігі нарық экономикасы дұрыс дамымаған елдердің халқы кедей болады.

– Венчурлық қаржыландыру тәсіліне көзқарасыңыз қандай?



шетелді алатын болсақ Батыс елдеріндегі банктердегі несие 3-4-5 пайыз. Яғни біздегі банктер тұтынушылық несие береді. Ал кәсіпкерлікті несиелеу жағы кемшін. Сондықтан да шетелдік банктерді де тартқан тиімді деп ойлаймын.

– «Жасыл» экономиканы дамытудың маңыздылығы мен тиімділігі қандай?

– Президентіміз айтқандай, экологиялық мәселелер өршіп барады. Мәселен, жердің, ауаның, судың ластануынан халықтың денсаулығы сыр беруде. Жалпы осы жасыл экономикаға бізде ғана емес, дамыған елдерде де үлкен мән береді. Себебі ресурстардың тапшылығынан яғни таусылатын су, отын, энергетика ресурстары үшін жасыл экономикаға өту қажеттілігі керек етеді. Оның бірінші жағы экономия ресурсы болса, екінші қоршаған ортаға әсері.

– Экономиканы қай бағытта дамытуға болады?

– Біз аграрлық ел болып табыламыз. Бір жақсысы бізде өнеркәсіп, мұнай-газ, металлургия саласы бар. Яғни біз

көлемі жылдан-жылға арта береді. Оны қамтамасыз ететін басқа көздерді көріп тұрған жоқпын.

– Су шаруашылығы және ирригация министрлігі ауыл шаруашылығының бағын аша ма?

– Бізде су тапшылығы екі-үш жыл болды өзекті мәселеге айналды. Тіпті үлкен қалаларда да ауызсу тапшылығы орын алуа. Алдағы уақытта да су тапшылығы өршіп түспек. Сондықтан тікелей осы мәселенің шешімін табу үшін Су шаруашылығы және ирригация министрлігін құрылғаны өте маңызды.

– Жолдауда айтылған «Қарыссыз қоғам» жобасы нәтижесін бере ме?

– Қазір әртүрлі бағдарламалар бар. Мәселен халықтың несиедерін кешірді. Әртүрлі әдістер мен қаржылық сауаттылық ұсынылып жатыр. Бұл қоғамға үлкен нәтиже бермесе де 5-10 пайыз нәтиже береді деп ойлаймын.

– Халықты қарыздан (несиенен) құтқару үшін мемлекет не істеуі керек деп ойлайсыз?

– Бұл нарық енді даму үстінде. Біздің халқымыздың барлығында кредит болғандықтан, венчурлық қаржыландыру дамыту деп айта алмаймын. Сондықтан венчурлық нарықты дамытпай тұрып, алдымен қаржы нарығын дамытуымыз керек.

– Жолдаудың сізге қай тұсы ұнады?

– Жолдауда айтылған ауыл шаруашылығын қолдау бағыты көңілімнен шықты. Яғни ет, сүт, бидайды тереңінен өңдеу бойынша. Біз аграрлық ел болғандықтан ауыл шаруашылығына көп көңіл бөлінуі керек. Менің ойымша бивылғы Жолдаудың 90 пайызы еліміздің экономикасына бағытталды. Бұған дейінгі Жолдауда саяси жағы басым болатын. Одан бөлек транспорттық логистиканы дамыту, IT технологияны дамытуды қолға алу тұстары көңілімнен шықты.

– Сұхбаттасқаныңызға рақмет!


Әңгімелескен
Нәзира МҰҚАТАЕВА

МАҚСАТ – ОРТАҚ, МҮДДЕ – БІР

Президент Жолдауынан ерекше бір қолдауды күтетін халқымыздың үміті ақталғандай болды.

Расында, Жолдауда халықтың әл-ауқатын көтеруге, тұрмыс жағдайын жақсартуға, елдегі өндіріс орындарын дамытуға, экономиканы нығайтуға ерекше тоқталды.

Алдағы жылдан бастап ең төменгі жалақы мөлшері 85 мың теңге болады. Бұл 1,8 млн адамның жалақысының көбеюіне ықпал етеді. Оның ішінде 350 мыңдай бюджеттік қызметкер бар. Халықты жылу, су, жарықпен қамтамасыз етуде инфрақұрылымды жетілдіру, апатты жағдайдың алдын алу



нысаны. Сондықтан біліктілікті арттыру саласынан алдына жоғары міндет қойылу керек екенін қадап айтты.

Болашақта жас ұрпақтың қауіпсіз әрі алаңсыз өсуін қамтамасыз ету мемлекетіміздің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Осыған орай бес жас-тан асқан балаларға арналған

қатаң тапсырылды. Су мәселесі өте өзекті екені белгілі. Су шаруашылығын дамыту үшін жаңа министрлік құрылады. АЭС салу, салмау жалпыұлттық референдум арқылы шешіледі. Көлік-логистика саласын қарқынды дамыту – бұл стратегиялық міндет. Үш жыл ішінде оның ішкі жалпы өнімдегі үлесі кемінде 9 пайызға жетуге тиіс. Сондықтан

Көлік министрлігін қайта құрып, жол инфрақұрылымын салумен айналысу кезек күттірмейтін қадам. «Қазақстанда кен өндіру өнеркәсібі жақсы дамығаны үшін батыл шаралар қабылдауы керек. Сондықтан ірі өндіріс кәсіпорындары 5 жыл сайын технологиялық және экологиялық аудит жасауы керек» деді Мемлекет басшысы.

Сауда-саттық саясатында жаңа әрі батыл қадам жасап, мемлекетіміз отандық өнім өндірушілерді қорғау керек. Экономикамыз басқа елдерге әрдайым ашық болуға тиіс. Ұлттық бизнестің мүддесін қорғалуы қажет. Үкіметке «АНАТ» партиясымен бірлесіп «ҚАРЫСЫЗ ҚОҒАМ» жобасын әрі қарай жалғастырып, халықты қаржылық негізде сауаттандыру жұмыстарын кең ауқымда жүргізуді тапсырды.

Кәметке толмағандарға жасалған зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қатысты жазаны күшейтуді талап етті. Зорлық-зомбылыққа және қысымға, яғни буллингке тап болғандарға көмек көрсетуге арналған бағдарламаны әзірлеу және психологиялық қолдау қызметін күшейту керектігін айтты.

Ел болашағының тірегі – білімді ұрпақты тәрбиелеу екенін де назарға салды. Сапалы орта білім алу – әрбір баланың мызғымас құқығы. Мұндағы ең түйінді сөз – сапа. Сондықтан білім сапасын жақсарту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру ауадай қажет. Педагогтардың біліктілігін арттыру – оқыту және оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіби білімдерін, біліктерін, дағдыларын мен қузыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге мүмкіндік беретін қосптық оқыту

«Келешек» атты бірінші ерікті өте өзекті екені белгілі. Су шаруашылығын дамыту үшін жаңа министрлік құрылады. АЭС салу, салмау жалпыұлттық референдум арқылы шешіледі. Көлік-логистика саласын қарқынды дамыту – бұл стратегиялық міндет. Үш жыл ішінде оның ішкі жалпы өнімдегі үлесі кемінде 9 пайызға жетуге тиіс. Сондықтан Көлік министрлігін қайта құрып, жол инфрақұрылымын салумен айналысу кезек күттірмейтін қадам. «Қазақстанда кен өндіру өнеркәсібі жақсы дамығаны үшін батыл шаралар қабылдауы керек. Сондықтан ірі өндіріс кәсіпорындары 5 жыл сайын технологиялық және экологиялық аудит жасауы керек» деді Мемлекет басшысы.

Сауда-саттық саясатында жаңа әрі батыл қадам жасап, мемлекетіміз отандық өнім өндірушілерді қорғау керек. Экономикамыз басқа елдерге әрдайым ашық болуға тиіс. Ұлттық бизнестің мүддесін қорғалуы қажет. Үкіметке «АНАТ» партиясымен бірлесіп «ҚАРЫСЫЗ ҚОҒАМ» жобасын әрі қарай жалғастырып, халықты қаржылық негізде сауаттандыру жұмыстарын кең ауқымда жүргізуді тапсырды.

Кәметке толмағандарға жасалған зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қатысты жазаны күшейтуді талап етті. Зорлық-зомбылыққа және қысымға, яғни буллингке тап болғандарға көмек көрсетуге арналған бағдарламаны әзірлеу және психологиялық қолдау қызметін күшейту керектігін айтты.

Ел болашағының тірегі – білімді ұрпақты тәрбиелеу екенін де назарға салды. Сапалы орта білім алу – әрбір баланың мызғымас құқығы. Мұндағы ең түйінді сөз – сапа. Сондықтан білім сапасын жақсарту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру ауадай қажет. Педагогтардың біліктілігін арттыру – оқыту және оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіби білімдерін, біліктерін, дағдыларын мен қузыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге мүмкіндік беретін қосптық оқыту

Іргесі берік, керегесі кең, төрт құбыласы түгел әділетті Қазақстан құру жолында адал еңбек етуге шақырамын.

Айгүл МҰСАБАЕВА,
Абылай хан атындағы №140 казак орта мектебінің директоры,
қалалық мәслихат депутаты

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІ КҮНІ

ТІЛ ЖАНАШЫРЛАРЫ ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН

«Достық» үйінде қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орайластырылған Қазақстан халқы тілдерінің күні мерекесі аталып өтті.

Шарада облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов құттықтау сөз сөйлеп, облыстағы бірқатар тіл жанашырлары мен сала мамандарын облыс әкімінің Құрмет грамотасымен, облыс әкімінің, ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің, Тіл саясаты комитетінің Алғыс хаттарымен марапаттады.

Мұнан соң Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалының төрағасы С.Аңсаң сөз сөйлеп, «Мемлекеттік тіл және БАҚ» облыстық байқауының жеңімпаздарын және мемлекеттік тілді дамыту бағытында белсенділік



танытқан және облыс тұрғындарына қазақ тілінде сапалы қызмет көрсетіп жүрген мекеме мамандарын «Үздік этномәдени бірлестік», «Тіл жанашыры», «Үздік казактілді кәсіпкерлік нысан», «Үздік казактілді қаржылық ұйым», «Үздік казактілді ас мәзірі», «Үздік

казактілді кәсіпкер», «Үздік казактілді нотариус» аталымдарымен марапаттады.

Салтанатты жиын жергілікті өнер шеберлерінің концерттік бағдарламасымен қорытындыланды.

Г. АСҚАРҚЫЗЫ

